

Міндетті түрде өртке қарсы қызмет құрылатын ұйымдар мен объектілердің тізбесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 27 ақпандағы N 239 қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007.09.08. N 781 Қаулысымен.

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007.09.08. N 781 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

"Өрт қауіпсіздігі туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 22 қарашадағы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған міндетті түрде өртке қарсы қызмет құрылатын ұйымдар мен объектілердің тізбесі бекітілсін.

2. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің Мемлекеттік өртке қарсы қызметін ұйымдастырудың тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 22 сәуірдегі N 430 қаулысының 4-қосымшасы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1994 ж., N 20 , 192 - құжат) ;

2) "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне толықтыру мен өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 22 мамырдағы N 616 қаулысы 1-тармағының 1-тармақшасы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 20-21, 213-құжат).

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2004 жылғы 27 ақпандағы
N 239 қаулысымен
бекітілген

Міндетті түрде өртке қарсы қызмет құрылатын ұйымдар мен объектілердің тізбесі <*>

ЕСКЕРТУ. Өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.06.30. N 662 қаулысымен .

1. Мұнай-газ өндіру және мұнай-газды қайта өңдеу өнеркәсібінің ұйымдары мен объектілері:

- 1) сыйымдылығы екі жүз текше метр және одан көп резервуар парктерінің мұнай айдау станциялары;
- 2) газды қайта өңдеу агрегаттарының қуаты жүз мың киловатт және одан көп газкомпрессорлық станциялар;
- 3) жылына қуаты бір миллиард текше метр газ және одан көп газды қайта өңдеу зауыттары;
- 4) жылына қуаты бір миллион тонна және одан көп мұнайды қайта өңдеу зауыттары;
- 5) резервуарларының жалпы сыйымдылығы екі мыңнан көп сегіз мың текше метрге дейін газ жинақтау станциялары;
- 6) төгу-құю операцияларының көлемі кезінде екі мың текше метрден көп мұнай құю эстакадалары;
- 7) өнімділігіне қарамастан, қайранда мұнай мен газды өндіру мен дайындауға арналған құрылыстар;
- 8) елді мекендерде орналасқан резервуар парктерінің жалпы сыйымдылығы жүз мың текше метр және одан көп мұнай базалары;
- 9) елді мекендерден тыс орналасқан резервуар парктерінің жалпы сыйымдылығы екі жүз мың текше метр және одан көп мұнай базалары;
- 10) сыйымдылығы тоғыз миллиард текше метр және одан көп жерасты газ сақтау станциялары.

2. Химия және мұнай-химия өнеркәсібі ұйымдары:

- 1) жылына қуаты алпыс мың тонна және одан көп синтетикалық каучук шығару жөніндегі кәсіпорындар;
- 2) жылына қуаты алты жүз тонна және одан көп жарылғыш-өрт қаупі бар заттарды қолдана отырып, химия өнімін (спирттерді, эфирлерді, шайырларды, винилхлоридті, талшықтарды, бояуларды және басқаларды) шығару жөніндегі кәсіпорындар;
- 3) жылына қуаты бес миллион бірлік және одан жоғары шиналар мен резеңке-техникалық бұйымдарды шығару жөніндегі кәсіпорындар;
- 4) жылына қуаты бір миллион бес жүз мың тонна және одан жоғары сұйытылған көмірсутекті газдарды қайта өңдеу және алу жөніндегі кәсіпорындар;
- 5) жылына қуаты алты жүз тонна және одан жоғары минералды тыңайтқыштар өндіру жөніндегі кәсіпорындар;
- 6) әртүрлі маркадағы полистирол шығару бойынша қуаты жылына бір жүз мың тонна және одан жоғары полистиролды пластиктер өндіру жөніндегі кәсіпорындар;
- 7) қуаты жылына бір жүз мың тонна және одан жоғары полипропиленді өнім өндіру жөніндегі кәсіпорындар.

3. Электр энергетикалық өнеркәсіп ұйымдары:

- 1) қуаты бес жүз мегаватт және одан жоғары мемлекеттік аудандық электр станциялары;
- 2) қуаты үш жүз мегаватт және одан жоғары су электр станциялары;
- 3) қуаты екі жүз мегаватт және одан жоғары жылу электр станциялары;
- 4) қуатына қарамастан, атом электр станциялары;
- 5) кернеуі бес жүз киловольт және одан жоғары кіші станциялар.

4. Өнеркәсіптік ұйымдар:

- 1) жиырма бес пайыз және одан жоғары, кәсіпорын мүлкінің теңгерімділік құны (айлық есептік көрсеткіштердің саны) алпыс мың және одан жоғары жарылғыш-өрт қаупі бар және өрт қаупі бар санаттарға жатқызылған ғимараттар, құрылыстар, сыртқы технологиялық қондырғылар, сондай-ақ өрт қаупі бар өнімдер мен материалдардың ашық қоймалары орын алатын кәсіпорындардың жалпы өндірістік алаңының үлесі бар өнеркәсіптік кәсіпорындар;
- 2) жылына қуаты жиырма бес мың трактор ауыл шаруашылығы машиналарын шығару жөніндегі кәсіпорындар;
- 3) жылына жиырма мың жеңіл автомобиль және одан көп; жылына бес мың және одан көп жүк және арнайы автомобиль шығаратын автомобиль өнеркәсібі кәсіпорындары;
- 4) егер бұл алаңның жиырма бес пайызын және одан астамын жарылғыш-өрт қаупі бар, өрт қаупі бар ғимараттар мен үй-жайлар алса, жалпы өндірістік алаңы екі жүз мың шаршы метр және одан астам металл өңдеу өнеркәсібі кәсіпорындары;
- 5) қуаты: жылына бес жүз мың тонна және одан жоғары шойын; жылына жиырма бес мың тонна және одан жоғары болат металлургия өнеркәсібі кәсіпорындары;
- 6) сүректі сақтау және қайта өңдеу және целлюлозаның өндіру жөніндегі кәсіпорындар, қуаты: сүректі сүрлеу бойынша - жылына екі жүз мың текше метр және одан жоғары; целлюлоза, қағаз өндіру бойынша - жылына үш жүз мың тонна және одан жоғары; жалпы алаңы екі жүз мың шаршы метрден кем емес жиһаз, фанер, ДСП, ДВП, ұста бұйымдарын, ағаш құрастырмаларын өндіру жөніндегі цехтар;
- 7) жылына екі миллион тонна және одан көп көмірді ашық өндіретін көмір кен орындарының объектілері;
- 8) жалпы өндірістік алаңы бір жүз мың шаршы метр және егер осы алаңның он және одан көп пайызын кәсіпорын мүлкінің теңгерімділік құны (айлық есептік көрсеткіштерінің саны) он мың және одан астам жарылғыш-өрт қаупі бар ғимараттар мен үй-жайлар алып тұрса, көлік кәсіпорындары;
- 9) халыққа ғимараттармен тікелей қызмет көрсетуге арналған көлік

ұйымдары, жолаушыларының есептік сыйымдылығы:

бір мың және одан көп адам аэровокзалдарда, әуежайларда;
жеті жүз және одан көп адам темір жол, өзен, теңіз және автобус
в о к з а л д а р ы н д а .

5. Жалпы өндірістік алаңы бір жүз мың шаршы метр және егер осы алаңның он және одан көп пайызын кәсіпорын мүлкінің теңгерімділік құны (айлық есептік көрсеткіштерінің саны) бес мың және одан астам жарылғыш-өрт қаупі және өрт қаупі бар ғимараттар мен үй-жайлар алып тұрса, байланыс кәсіпорындары.

6. Жалпы алаңы бір жүз мың шаршы метр және егер осы алаңның он бес және одан көп пайызын кәсіпорын мүлкінің теңгерімділік құны (айлық есептік көрсеткіштерінің саны) бес мың және одан астам жарылғыш-өрт қаупі және өрт қаупі бар ғимараттар мен үй-жайлар алып тұрса, ғылыми мекемелер.

7. Жұмыс істейтіндердің саны жетпіс және одан көп адам, кәсіпорын мүлкінің теңгерімділік құны (айлық есептік көрсеткіштерінің саны) бес мың және одан астам ауыл шаруашылығы кәсіпорындары, оның ішінде тағамдық қайта өңдеу өнеркәсібі және балық шаруашылығы кәсіпорындары.

8. Сауда кәсіпорындары: жалпы сауда алаңы үш мың бес жүз шаршы метр және одан көп, бір мың және одан көп адамға арналған орындарды орналастырған кезде кәсіпорынның ғимаратында, құрылысында бір мезгілде болатын адамдардың есептік санымен екі және одан жоғары қабатты ғимараттардағы дүкендер, универмагтар, әмбебап дүкендер, гастрономдар, жабық базарлар, базарлар, жәрменкелер, супермаркеттер мен басқа да сауда к а с і п о р ы н д а р ы .

9. Базалар мен қоймалар:

1) алаңы екі мың шаршы метр және одан көп, кәсіпорын мүлкінің теңгерімділік құны (айлық есептік көрсеткіштердің саны) алпыс мың және одан көп жанатын ораудағы жанғыш және жанбайтын жүктерді сақтауға арналған полимерлі жанатын жылытпасы бар (отқа төзімділігі IVa дәрежелі) жеңіл металл құрастырмалардан;

2) алаңы бір мың шаршы метр және одан көп жанғыш жүктерді немесе алаңы екі жүз мың шаршы метр және одан көп биіктігі бес жарым және одан көп метр стеллажы бар жанатын ораудағы жанбайтын жүктерді сақтауға арналған биіктігі он сегіз және одан көп метр әмбебап мақсаттағы биік механикаландырылған;

3) алаңы бір жүз шаршы метр және одан көп жанғыш жүктерді сақтауға арналған, алаңы бір мың бес жүз шаршы метр және одан көп жанғыш ораудағы жанбайтын жүктерді, алаңы үш жүз шаршы метр және одан көп астыңғы қабаттарда орналасқан жанғыш ораудағы жанғыш және жанбайтын жүктерді сақтауға арналған бір қабатты, сондай-ақ алаңы: бір мың екі жүз шаршы метр отқа төзімділігі V дәрежелі ғимараттардағы, бір мың алты жүз шаршы метр және

одан көп отқа төзімділігі IV дәрежелі ғимараттардағы, екі мың шаршы метр және одан көп отқа төзімділігі III дәрежелі ғимараттардағы, үш мың шаршы метр және одан көп отқа төзімділігі I және II дәрежелі ғимараттардағы қоймалар;

4) жалпы алаңы бір мың шаршы метр және одан көп кәсіпорын мүлкінің теңгерімділік құны (айлық есептік көрсеткіштерінің саны) он мың және одан жоғары жарылғыш заттар (ЖЗ).

10. Ғимаратта, құрылыста, кәсіпорында бір мезгілде болатын адамдардың есептік саны алты жүз және одан көп орынға арналған оқу мекемелері.

11. Ойын-сауық және діни мекемелері:

1) ғимаратта, құрылыста бір мезгілде болатын адамдардың есептік саны алты жүз және одан көп орынға арналған театрлар, цирктер, кинотеатрлар мен залдары бар басқа да құрылыстар;

2) ғимаратта, құрылыста бір мезгілде болатын адамдардың есептік саны отыз мың және одан көп орынға арналған ашық трибунасы бар спорттық құрылыстар;

3) ғимаратта, құрылыста бір мезгілде болатын адамдардың есептік саны бес мың және одан көп орынға арналған жабық трибунасы бар спорттық құрылыстар ;

4) ғимаратта, құрылыста бір мезгілде болатын адамдардың есептік саны бір мың және одан көп адамға арналған көрме кешендері;

5) алаңына қарамастан, мешіттер, шіркеулер мен басқа да діни құрылыстар;

6) кәсіпорын мүлкінің теңгерімділік құны (айлық есептік көрсеткіштерінің саны) бір жүз мың және одан жоғары телерадиокомпанияның аппараттық-студиялық кешендері.

12. Бес жүз және одан көп кереует-орынға арналған емдеу-алдын алу, сауықтыру мекемелері, үш жүз және одан көп кереует-орынға арналған балалар емдеу-алдын алу, сауықтыру мекемелері.

13. Қазақстан Республикасының Президенті Іс басқармасының, Үкіметі мен Парламентінің ғимараттары:

1) *(а л ы н ы п т а с т а л д ы)*

2) жұмыс істейтіндердің саны жетпіс және одан көп адам болған кезде шаруашылық мақсаттағы ғимараттар (қазандықтар, гараждар, қоймалар және тағы басқалары).

14. Үш жүз және одан көп адамға арналған қонақ үйлер, жатақханалар, кемпингтер, мотелдер.

15. Алаңына қарамастан, заңды тұлға мәртебесі бар мемлекеттік орман шаруашылығы мекемелері мен ерекше қорғалатын аумақтар.

16. Екі жүз мың бірліктен астам мұрағат істерін сақтайтын мемлекеттік мұрағаттар.

17. Алаңына және қабатына қарамастан, бірегей ғимараттар мен құрылыстар.

18. Алаңына және қабатына қарамастан, тарихи-өлкетану, көркем мұражайлары, әмбебап ғылыми кітапханалар.

Ескерту. өрт техникасының түрін (өртке қарсы техникасы немесе инспекторлық құрамы бар), санын, өртке қарсы қызмет жеке құрамының санын, объектінің маңыздылығына, өрт-жарылыс қаупіне қарай әрбір нақтылы жағдайда өрт қауіпсіздігі саласында бақылау функцияларын жүзеге асыратын өртке қарсы қызмет органымен келісім бойынша ұйымның, объектінің басшысы анықтайды.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК